

Қарасай ауданы бойынша салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы

Алматы облысы Қарасай ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № 388 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2020 жылы 30 қарашада № 5786 болып тіркелді

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексінің 529-бабының 6-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес, Қарасай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарасай ауданы бойынша салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Қарасай аудандық қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Алматы облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Қарасай ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Д.М.Сансызбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және бекітілген жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарасай ауданының әкімі
"КЕЛІСІЛДІ"

Ж. Далабаев

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Алматы облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Қарасай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы

А. Жолдыбек

Қарасай ауданы әкімдігінің қаулысына
қосымша 2020 жылғы 30 қарашасы № 388

Қарасай ауданы бойынша салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті

№	Елді мекен атауы	Салық салу объектісінің орналасқан жері	Аймаққа бөлу коэффициенті
1	2	3	4
1	Жамбыл ауылдық округі:		
		Жамбыл ауылы	2,05

		Батан ауылы	1,7
		Ұлан ауылы	1,85
		Қошмамбет ауылы	1,85
2	Ұмтыл ауылдық округі:		
		Алмалыбақ ауылы	2,05
		Жалпақсай ауылы	1,6
		Мерей ауылы	1,85
		Көлді ауылы	1,5
3	Жібек жолы ауылдық округі:		
		Жібек жолы ауылы	1,95
		Көлащы ауылы	1,95
		Тұрар ауылы	1,75
		Жыңғылды разъезі	0,8
		Құркұдық разъезі	0,8
4	Бірінші май ауылдық округі:		
		Бекболат ауылы	1,85
		Қайнар ауылы	1,65
		Сауыншы ауылы	1,1
5	Шамалған ауылдық округі:		
		Шамалған ауылы	2,1
		Айқым ауылы	1,0
6	Әйтей ауылдық округі:		
		Әйтей ауылы	1,95
		Еңбекші ауылы	2,1
		Құмарал ауылы	1,6
		Үштерек ауылы	1,95
		Сауыншы ауылы	1,5
7	Жандосов ауылдық округі:		
		Жандосов ауылы	2,05
		Шалқар ауылы	2,05
		Қайрат ауылы	1,7
8	Іргелі ауылдық округі:		
		Іргелі ауылы	2,15
		Көксай ауылы	2,05
		Кемертоған ауылы	2,05
9	Қаскелең қаласы:		
		Қаскелең қаласы	2,2
		Көктөбе ауылы	1,05
10	Райымбек ауылдық округі:		
		Абай ауылы	2,1
		Бұлақты ауылы	1,6
		Долан ауылы	1,6

		Құмтоған ауылы	1,45
		Қырғауылды ауылы	2,1
		Жаңатұрмыс ауылы	1,85
		Райымбек ауылы	2,05
11	Елтай ауылдық округі:		
		71 разъезд бекеті	1,6
		Аксеңгір бекеті	1,6
		Береке ауылы	1,75
		Елтай ауылы	1,5
		Жармұхамбет ауылы	1,75
		Исаев ауылы	1,65
		Қаратөбе ауылы	1,65
		Көктоған ауылы	1,6
		Көкөзек ауылы	1,85